

Сабақтың тақырыбы:

*1929-1931 жылдардағы
шаруалар көтерілісі.*

Сабақтың мақсаты:

- 1. 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі туралы баяндау.*
- 2. 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісінің себебі, барысы және нәтижесі жөнінде студенттер білімін дамыту.*
- 3. Оқушыларды өз елінің өткен тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.*

Сабақтың жүрісі

I. Ұйымдастыру;

II. Жаңа сабақ;

III. Жаңа сабақты бекіту;

IV. Қорытынды

*“Ауылды кеңестендіру” ұранымен Қазақстанда
“жаңа революция” жүргізудің идеялық- саяси негізін
кім жасады?*

*Ф. Голощекиннің идеясына қарсы шыққан кімдер,
оларға қандай айып тағылды?*

1928 жылғы декрет не туралы?

*Ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушілік
зардаптары туралы не білесің?*

*“Бесеудің хаты” мен Т Рысқұлов жазған
хаттың тарихы қандай?*

*Ауылды жаппай ұжымдастырудың
тигізген әсері қандай?*

Себебі

- ◆ *Ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс укладының қиратылуына, орташалар мен кедейлерді кулактар ретінде жоюға қарсылық.*



Қарсылық түрі

- ◆ *қалалар мен құрылыстарға кету;*
- ◆ *басқа аймақтарға, тіпті шетелге көшіп кету;*
- ◆ *ұжымшар қозғалысының белсенділерін, партия, кеңес, комсомол қызметкерлерін, сот орындаушыларын өлтіру;*
- ◆ *өзін-өзі қорғайтын қарулы отрядтар құру;*
- ◆ *ашық көтеріліске шығу түрлерінде жасалды;*

Сипаты

- ◆ *Шаруалар бұқарасының ниеті стихиялы бой көрсетулерден көрініс берді.*



Қозғаушы күші

Шаруалар бұқарасы



Орталықтары

- ◆ Семей округі халық наразылығының ірі ошағына айналды. 1930 жылдың ақпан айынан мамыр айына дейін – **Зырянов, Өскемен, Самар, Қатонқарағай** аудандарын қамтыған күшті толқулар өтті.
- ◆ **Торғай шаруаларының** Батпаққара көтерілісі Қазақ өлкелік комитеті тарапынан “бандиттік – басмашы қозғалысының көрінісі” деп бағаланды.
- ◆ **Қарақұм ауданына Орталық, Батыс, Оңтүстік Қазақстаннан** көтерілісшілер ағылып жатты. Бұл көтерілісті Орынбордағы 8-дивизия басып тастады.
- ◆ **Созақ** ауданындағы көтеріліс табанды әрі шебер ұйымдастырылуымен ерекшеленді. Көтерілісшілер аудан орталығын басып алып, аудан басшыларын өлтірді.

Нәтижесі

- ◆ Ұжымдастыру жылдары республика аумағында 372 жаппай толқулар мен көтерілістер орын алды.
- ◆ Кеңес өкіметі 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалысын басып жаныштау үшін далаға жазалау экспедициясын жіберген патша өкіметінің тәжірибесін қайталады.
- ◆ Маңғыстау, Жылқосын, Ойыл, Табын аудандарының шаруалары Қазақстан жерін тастап, Түрікменстан, Қарақалпақстан аумағына, ал бір бөлігі Иран мен Ауганстанға көшіп кетуге мәжбүр болды.
- ◆ Алматы округінің көптеген аудандарының бүлік шығарған ауылдары Қытай жеріне ауып кетті.
- ◆ 1931 жылы көктемде Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарында көтеріліс жасаған шаруалар түгелге дерлік қырып тасталды.
- ◆ Компартия 1932 жылы қыркүйекте Қазақстанның ауылшаруашылығы жөнінде қаулы қабылдады.
- ◆ Жасанды жолмен құрылған ұжымшарлар таратылып, халыққа күштеп қоғамдастырылған мал-мүлкі қайтарылды.
- ◆ 1935 жылы ақпанда екпінді ұжымшар мүшелерінің съезі болып, ауылшаруашылығы артелінің жаңа үлгі Жарғысы қабылданды.

1. Қазақстанда 1929-31 жылдардағы қарулы көтерілістің себебі не?

А

Ауылшаруашылығы
салығының көбеюі

В

Күштеп
ұжымдастыруға
қарсылық

С

Шаруалардың
шұрайлы
жерлерінен айырылуы

2. Ұжымдастыру жылдары бандиттік-басмашы қозғалысының көрінісі деп бағаланған көтеріліс?

А

Батпаққара
көтерілісі

В

Семейдегі көтеріліс

С

Созақтағы көтеріліс

3. Алматы округінің ауылдары қайда жер ауып кетуге мәжбүр болды?

A

Иранға



B

Қарақалпақстанға

C

Қытайға

4. Ұжымдастыру жылдары республика аумағында қанша толқулар мен көтерілістер орын алды?



5. Ауылшаруашылығы артелінің жаңа үлгі
Жарғысы қабылданған жыл?

A

1932 жылдың
ақпан айы

B

1934 жылдың
ақпан айы

C

1935 жылдың
ақпан айы

